

Дюржанова М.Ж., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, гр. М2-КЯ-23-1, магистрант
(Ғылыми жетекшісі — ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кенжеғалиев С.А.)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНІҢ КОНТРАСТИВТІ СПЕЦИФИКАСЫ (лингвистикалық сипаттамалардағы ортақ формалар)

Тілдерді контрастивті салғастыру үшін салыстырылған сипаттардың болуы міндетті болмақ. Тілдердің алуан түрлі болуы және өзіне тән ерекшелігі, лингвистикалық мектептер мен дәстүрде метатілдегі көзқарастардың түрлілігі тілдерді салғастыруда кедергілерге тап болады. Тілдердің теоретикалық өлшемі универсалийлер лингвистикасында, лингвистикалық типологияда, салғастырмалы тіл білімінде, контрастивті лингвистикада жақсы дәлелденген. Алайда тілдерді өлшеу идеяларын жүзеге асырудың шынайы талпыныстары метатіл аясында мүмкіндігі аз болып табылады. Осы ретте авторлар В.Д. Аракиннің «типологиялық паспорттар» мен К.Джеймстің «ерекшеліктер шкаласы» тілдерді жаһандық энциклопедиялық сипаттаудың рефераты (жеке тілге, тілдер тобына, тілдік семьяға арналған) көңіл аудартады.

Бұл схемалардың мақсаты мен көлемі басқа болғанымен, қолданатын әмбебап моделі бірдей. «Барлық әмбебап модельдер тәрізді бұл схемалар жалпылама қасиеті арқылы сипаттаудың ақпараттылық деңгейін төмендетеді. Сондықтан, мұндай модель-схема кез келген тілдердің салғастырмалы сипаттаудың әмбебап метатілі болып табылады» [1,182].

Талап етіліп отырған метатілдік бірыңғайлықты қамтамасыз ету үшін тілдердің энциклопедиялық сипаттамасының авторлары төрт нұсқасы бар типтік схеманы ұсынған болатын: 1. «Толық» схема. Толық сипаттама бере алатын толық схема реферат моделінің негізін қалады. 2. Тілдер тобы жөніндегі схема (генетикалық зерттелген топқа, аз зерттелген топқа арналған). 3. Диалектіні сипаттау схемасы. 4. 1-ші схеманың ықшамдалған нұсқасы, зерттеу дәстүрі аз кездесетін тілдерді сипаттауға арналған. Реферат моделі типтік схеманы детальдандырады да, типологиялық тұрғыда кездесетін жаңа элементтердің қосылуына жағдай жасайды [1,183].

Тілдердің энциклопедиялық сипаттамасы типтік схема аясында да, сипатталатын тілдердің басты белгілерін баяндайтын реферат моделі аясында да жүзеге асырылады. Алайда мұндай типтік схеманың кейбір шектеуліктері бар, оларға бір жағынан тілдерді нақтылық-тәжірибелік сипаттаудың деңгейі әсер етсе, екінші жағынан әр түрлі тілдерді салғастыруға деген ықылас әсер етеді.

Осы орайда рефераттың типтік схемасын құрастыру – тілдерді салғастыру мәселесін шешудің және олардың сипаттарын бірыңғай терминологиялық аппарат арқылы жаһандық көлемде салыстырудың бірінші нұсқасы бар. Барлық тілдердің энциклопедиясының авторларының ұсынған бұл тәсілі кез келген тілдердің контрастивтік сипаттамасы үшін тиімді болып табылады. Энциклопедия авторлары ұсынған модельді кез келген тілді сипаттау үшін қолдануға болады.

Тілдер жөнінде деректерді бір жүйеге келтіру В.Д. Аракин ұсынған «типологиялық паспорт» арқылы жүзеге асырылған болатын. «Типологиялық паспортты» құрудың мақсаты нақты әдістемелік міндеттермен байланысты. «Типологиялық паспорттар» «техникалық паспорттармен» ұқсастырылып жасалынған. «Техникалық паспорттар» механизмнің агрегаттың басты сипаттарын қамтыған. Таза әдістемелік міндеттен басқа «типологиялық паспорт» ғылыми міндеттерді шешуге, алдымен салғастырмалы типологияның, сондай-ақ, жалпы тіл білімінің мәселелерін шешуге септігін тигізеді (мысалы, адамның тілінің қызмет ету және құрылым принциптерін анықтау) [2,135].

В.Д. Аракин құрастырған «типологиялық паспорт» – қарастырылып отырған тілдің құрылымдық белгілерінің жалпылама әдісі. Компактілік формада және бірыңғай әбебап схема бойынша тіл жөнінде жалпы мәліметтер беріледі.

А) Қазақ және орыс тілдерінің контрастивті спецификациясы.

Тілдердің басты белгілерінің рет-ретімен баяндалуы әр түрлі формаларда жүзеге асады. В.Д. Аракиннің «типологиялық паспорты» «тіл типінің» шектеулі диапазонына ие. Төменде көрсетілген қазақ және орыс тілдерінің контрастивті спецификациясы кең көлемде қолданылады, себебі ол тілдер ерекшеліктерінің жоғарыда келтірілген классификацияларға, жалпы сипаттамаларына, таза лингвистикалық қасиеттеріне сәйкес саналу-квалификациясын береді.

Қазақ және орыс тілдерінің контрастивті спецификациясы типологиялық сипаттаманы қамтиды, ол «типологиялық паспорттың» жалпы ережелеріне сәйкес жүзеге асқан. Контрастивті спецификацияға В.Д. Аракиннің орыс тілінің «типологиялық паспорты» [2,137-138]. және қазақ тілінің «типологиялық паспорты» қамтылған. Контрастивті спецификацияның осы бөлігі инвентаризацияланған спецификацияның мысалы бола алады.

Осы орайда қазақ тілінің заңдылықтарын және құбылыстарын «типологиялық паспорт» схемасы шеңберінде тілдік фактілердің қарама-қайшылығы мен терминологияның түрлі салаларында қолдануды

қиындатады. Контрастивті спецификация келтіретін фактілердің номенклатурасы қазақ тілінде де, орыс тілінде де орнатылмаған. Дау тудыратын мына мәселелер: фонемалардың инвентарі, кейбір грамматикалық категориялар және т.б. Мұндай ақпарат домалақ жақшаға алынып, ? белгісімен белгіленеді.

Параллелді түрде орналасқан тілдердің спецификациясы бірыңғай метатіл арқылы жүзеге асқан салғастырмалы сипаттаманы көрсетеді. Сонымен қатар, контрастивті спецификация өзінің жалпылама қасиетіне арқылы қарастырылып отырған тілдің барлық қасиеттерін және белгілерін толық анықтай алмайды, ал бұл жағдай өзіне ғана тән қасиеттердің қарапайымдануына әкеледі. Бұл ереже қазақ тіліне де, орыс тіліне де бірдей қолданылады [1,185].

Ә) Қазақ және орыс тіліндегі сын есімді салыстыру.

Орыс тілінде қазақ тілінде сын есім заттың сынын, белгісін тікелей немесе осы заттардың басқа заттарға немесе құбылыстарға қатынасы арқылы білдіреді. Осы негізіндегі қазақ және орыс тілдеріндегі барлық сын есімдер мағынасы жағынан сапалық сын есім, қатыстық сын есім, ал орыс тілінде тәуелдеуші сын есім болып бөлінеді.

Орыс тілінде сапалық сын есімдер оның өзіне тән грамматикалық белгілерімен сипатталады: Сапалық сын есімдер салыстырмалы шырайға ие;

Көптеген сапалық сын есімдер қысқаша түрлерді құрай алады (жануарлардың түсін білдіретін қара, құла, құласұр; түсті білдіретін сөздер: көгілдір, қоңыр, қызғылт сары және біршама сапалық сын есімдер: қатыстылықтан туған: достық, ағалық т.с.с. осы екеуін қоспағанда).

Орыс тілінде қысқа және толық түрлер арасында біршама семантикалық айырмашылықтар байқалады: біркелкі сипаты сын есімнің толық түрін білдіреді (менің ұлым көңілді, бұнда негізі, әрқашан); ал қысқа түрі сапалы күйді білдіреді. Зат үшін тек қана белгілі уақытқа тән қасиет (ұлым-көңілді – тек қана бүгін, қазір-уақытша);

Орыс тілінде сапалық сын есім үстеу дәрежесімен сай келеді: өте жас, аздап ыңғайсыз, ерекше ақылды т.с.с. Субъективті бағалау түрін құрау мүмкіндігі: тяжелый – тяжелехонек, тяжелешенек, тяжеленкий. Сапасы толық емес түрін құрайды: жылылау, көкшілдеу, ақшылдау [3,81-82]. Көптеген сапалық сын есімдер орыс тілінде қиындықсыз антоним тудырады: ауыр-жеңіл, ақ-қара, тәтті-ащы, жылы-салқын; Сапалық сын есімдерден қосымшасыз үстеулерді тез тудырады –о, -е, -ге: горячий (ыстық), горячо (ыстықтау).

Барлық осы белгілер қатыстық сын есімдерге тән емес.

Орыс тілінде сапалық және қатыстық сын есімдердің сипаттамалық жалғаулары бар, бұлар арқылы сын есімді сөз таптарынан айыруға болады: -ой, -ый, -ий бұлар род бойынша өзгереді (-ая, -ая, -ое, -е) және түр бойынша (-ые, -ие) көпше түрі барлық родтарға тән.

Қазақ тілінде сын есімнің сөз табы ретінде сын есімдерді сапалық және қатыстық сын есімдерге бөлуден басқа арнайы сөз тудыратын көрсеткіш жоқ. Бірақ сапалық сын есімдерді қатыстық сын есімдерден айыратын таза грамматикалық көрсеткіштер өте аз болғандықтан бұл шартты қасиетті тудырады [4,201].

Қазақ және орыс тілдерінде кейбір сапалық сын есімдерден түсті білдіретін сөздерден сапасының толық еместігін білдіретін сын есімдер туады: сарғылтым немесе сарғылт, ақ+шылтым, көг+ілдір, сұрғыл+тым, қоңыр+қай, боз+ғыл+тым.

Сонымен қатар, қазақ және орыс тілдерінде сапалық сын есімдерден зат есім тудыруға болады, дерексіз түсінікті білдіретін: зиянкес – зиянкестік, қараңғы – қараңғылық, жылы- жылылық, биік – биіктік, терең- тереңдік, тату – татулық, дос – достық.

Қатыстық сын есімдер. Орыс тілі мен қазақ тілін салыстырғанда көргеніміз: а) қатыстық сындардың негізі әрқашан туынды, оларға бәрінен бұрын түрлі сөз таптарының түбірлерінен туындауы және сол түбірлес сөздермен қатынасы, олардың пайда болған сөздері; б) орыс тілінде қатыстық сын есімдерде қысқартылған түр болмайды; в) орыс және қазақ тілдерінде белгілер, қатыстық сындар болып табылатын, яғни олар мынадай белгілерді білдіреді, олар көп немесе аз дәрежедегі заттарда болмайды, бұндағы белгілер түрлі заттарға тең мөлшерде тән қасиет. Осы себептен екі тілдегі қатыстық сын есімдерді күшейтуге, кемітуге келмейді; қағаздырақ деуге болмайды, трамвайлылау деуге болмайды.

Қазақ және орыс тілдерінде қатыстық сын есімдер көмекші сөздері (предлог) бар зат есіммен алмастыру оңай (ал қазақ тілінде – септік тұлғасымен немесе көмекші сөздермен, зат есімнің демеулерімен): Хрустальдан жасалған үй – дом из хрустала; журналға арналған стол – стол для журналов; Алматыда өсетін алма – яблоко произрастающая в Алмате; жібек көйлек – платье из шелка.

Орыс тіліндегі қатыстық сын есімдердің кейбір түрлері қазақ тілінде баламасы болмайды.

Жүректің еті (сердечная мышца) – шын жүректегі сөз (сердечный разговор); байқау орны (наблюдательный пункт) – байқағыш адам (наблюдательный человек). Мұнда сапалық сын есімдер орыс тілінде қатыстық сын есімдердің орнына қолданылады, бірақ бірде зат есімге (жүректің – ілік септігінде), бірде етістіктен жасалған зат есімге (байқау), бірде –гі жұрнақты туынды қатыстық сын есімге (шын жүректегі), бірде сапалық сын есімдерге (байқағыш), бірде сапалық сын есім мағынасында қолданылған зат есімге сәйкес келеді. Екі тілдегі сын есімнің мағынасында олардың қандай зат есімге жататындығына байланысты өзгереді, яғни орыс тіліндегі бір сын есімнің әр түрлі екі мағынасы қазақ тілінде әр түрлі сөз таптарына сәкес келуі мүмкін.

Орыс тілінде қатыстық сын есімдердің құрамына тәуелдеуші сын есімдер кіреді. Бұлар өздерінің грамматикалық қасиеттерімен ерекшеленеді (бұл топтың сын есімдері – қатыстықтың түрлері) және бір

заттың адамға қатыстығын білдіреді (-ын, -ин, -ов, -ев, -ке) сын есімдер: сестрицын альбом - әпкемнің альбомы, тетин костюм – тәтемнің костюмы, отцов дом- әке үйі; жануарлар, құстар, балықтар аттарынан құралған: қасқыр құйыршығы – волчий хвост, түлкі құйыршығы – лисий хвост, қарға ұясы – воронье гнездо, түйе жүні – верблюжья шерсть [5,41].

Қазақ тілінде тәуелдеуші сын есімдер жоқ, сондықтан қазақ және орыс тілдерінде тәуелдеуші сын есімдердің мағынасына басқа сөз таптары сәйкес келеді (екі зат есімнің байланысуы, бұның біріншісі ілік септігінде тұр, ал екіншісі өзі тәуелдегіш қосымша түрінде болады және берілген заттың белгілі бір затқа, жаққа жататындығын көрсетеді) 3жақ:әкемнің үйі,әпкемнің кітабы.Бұнда отцов, сестрина сөздерінің орнына сын есімді қолдануға болмайды, себебі ол қазақ тілінде жоқ.

Қазақ және орыс тілдерінде толығымен зат есімнің мағынасын қабылдаған сын есімдер бар: жұмыскер, асхана, сондай-ақ тәуелдеуші сын есімдер ауысып кеткендер: Абай селосы, слесарь Айдар және басқалары. Қазақ тілінде де толығымен зат есімге айналып кеткен сын есімдер жиі кездеседі және сын есім ретінде қолданылмайды: ұшқыш, қыр, дос, сай, сүзгі, елеуіш.

Сондай-ақ екі тілде де сапалық және қатыстық сын есімдерден туындаған сын есімдер бар, бірақ адамдардың аттары, тегі, ауыл аттары, тау атаулары, қала аттары ретінде қолданылады. Адам аттары: Қайсар, Жомарт, Әсем. Қала аттары: Қарағанды, Талды, Қарқаралы. Бұл сөздер құрамында сын есімдердің аффикстері бар, алайда сөйлемде сын есімсіз қолданылады.Сөйтіп сын есімдер зат есімге ауысқанда салыстырмалы тілдерде оларды басқа сын есімдерден айыратын келесі ерекшелікке ие:Кім? Не? Кімді? Нені? – деген сұрақтарға жауап беріп, заттың мағынасын білдіреді. Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, пысықтауыш рөлін атқарады. Орыс тілінде сын есімнің жалғауы болғанмен род бойынша өзгермейді. Орыс тілінің өзінде анықтауыш ретінде басқа сын есім болу мүмкін.

Қорыта келе, қазақ және орыс тілдерінің контрастивті спецификасында барлық атауды сын есімдер арқылы салғастыружүзеге асатынын көруге болады.Орыс тілінде сапалық және қатыстық сын есімдердің сипаттамалық жалғаулары бар, бұлар арқылы сын есімді сөз таптарынан айыруға болады.Қазақ тілінде сын есімнің сөз табы ретінде сын есімдерді сапалық және қатыстық сын есімдерге бөлуден басқа арнайы сөз тудыратын көрсеткіші жоқ. Бірақ сапалық сын есімдерді қатыстық сын есімдерден айыратын таза грамматикалық көрсеткіштер аз болғандықтан бұл шартты қасиетті тудыратыны анық.

1 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алматы: Демей, 1996. – 208 с.

2 Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 167с.

3 Касевич В.Б. Семантика. Синтаксис. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – 309 с.

4 Розенталь Г.Е., Голуб И.Б., Теленкова М.А. Современный русский язык. – Москва: Высш. шк., 1991. – 559 с.

5 Касевич В.Б. Семантика. Синтаксис. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – 309 с.

Истомина А.А., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет иностранных языков, гр. МИФ-22-1р, магистрант
(Научный руководитель — д.ф.н., профессор Букетова Н.И.)

ЛИНГВОСТИЛИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА В АНГЛОЯЗЫЧНЫХ АНТИУТОПИЯХ

Политический дискурс — это неотъемлемая часть современного общества, так как он оказывает огромное влияние на наше восприятие политики, социума и событий в мире. Политический дискурс является неотъемлемой частью нашей повседневной жизни, пронизывая различные социальные сферы, а именно дебаты и обсуждения, влияющие на общественное мнение, онлайн-платформы и медиа, статьи и научные исследования и так далее.

Изучением политического дискурса занимаются политологи изучающие его влияние на формирование общественного мнения, политические процессы и принятие решений в политике ,психологи с точки зрения изучения стратегий, которые использует политик в своей речи для того, чтобы оказать влияние на адресата и вызвать у него определенную эмоциональную реакцию, философы, с целью рассмотрения социального устройства, структуры общества и влияния политического дискурса на формирование общественных отношений, социологи с точки зрения рассмотрения социальных аспектов политического дискурса, включая взаимосвязь с социальными структурами и группами.Кроме того, изучением дискурса занимаются экономисты, специалисты по теории коммуникации и лингвисты [1,с.161].

Согласно статье М.А.Гаврилова в лингвистической литературе существует широкое и узкое понимание политического дискурса [2, с.2]. Нидерландский лингвист Т.ван Дейк (T.van Dijk) указывал на то, что «политический дискурс идентифицируется по его акторам или авторам, т.е. политикам»[3, с.12]. То есть анализ политического дискурса включает в себя изучение языковых высказываний, используемых политиками при обсуждении политических вопросов. Он объясняет это тем, что подавляющее число исследований, связанных с изучением политического дискурса сосредоточены на анализе текстов и